



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 34/419
28 августа 2015 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Тәуелсіздік. Келісім. Бірлік!

20-летию Конституции Казахстана посвящается!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА 20 ЖЫЛ



Міне, бүгін біз мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Конституция күнін жиырма-сыншы рет атап өткелі отырмыз. Осыдан тура 20 жыл бұрын 1995 жылы 30-тамызда жалпы халықтың талдауынан кейін қолданыстағы ата заңымыз қабылданды.

Баршамыздың өмірімізде Конституцияның маңызы баға жеткісіз.

Конституцияның бірінші бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады делінген. Оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның қабылдануы - егемен Қазақстанның қалыптасу тарихының аса маңызды, жарқын бейнесі. Бүкілхалықтық референдумда қабылдануы оған жоғары дәрежеде жариялық сипат берді. Конституцияның жасаушысы Қазақстан халқы деп толық сеніммен айтуға болады. Бұл оған жоғарғы заңдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, рухани-имандылық және моральдық күш-қуат берді.

Конституцияның негізінде біз Қазақстан мемлекеттілігін нығайттық, билік бөлісі жүйесін құрдық, республиканың жана заңдарын қалыптастыруды бастадық.

Бүгінгі күні біз экономикадағы қазіргі табыстарымызға, еліміздегі тұрақтылыққа, ұлттық та-

тулыққа, билік төңірегіндегі қайшылықтарды конституциялық жолмен шешуге халқымыз осыдан бұрын қабылдаған Конституцияның негізінде жетті десек, әділдіктен қия баспаймыз.

Қолданыстағы Конституцияның күші оның әлеуетін барынша пайдалануда болып табылады. Оның үстіне, оны экономиканы өсіруге және төрешілдіктен арылтуға, азаматтардың құқықтарын, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге нақты жәрдемдесетіндей етіп пайдалану керек.

Біздің Конституциямыз - Қазақстан халқының саналы таңдауы, ол кемел келешектің кепілі. Бұл таңдауды бағалау керек, құрметтеу керек! Конституция бойынша өмір сүру дегеніміз - демократияның ең жоғарғы мектебі, ал бұл мектепті игеруге біз міндеттіміз.

Еліміздің Конституциясы еркіндік пен кепілдік бере отырып, ата заңды бұлжытпай орындауды талап етеді. Заң бұлжытпай орындалса біз құқықты мемлекет боламыз.

Еліміздің гүлденуі, терезесі тең алдыңғы қатарлы мемлекет болуы сіздер мен біздерге байланысты дей отырып, баршаларыңызды халқымыздың ежелгі арманын баянды етіп, еркіндік, теңдік, бостандық жолын нұрландырып тұрған Конституция күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз - Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін!

Приозерск қаласының
прокуратурасы

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ. «КОНСТИТУЦИЯ: ЕДИНСТВО, СТАБИЛЬНОСТЬ, ПРОЦВЕТЕНИЕ»

28 августа 2015г. г.Астана, Дворец Независимости.

В работе конференции приняли участие члены Правительства, председатели и депутаты палат Парламента, председатель и члены Конституционного Совета, делегации авторитетных международных организаций, а также руководители органов конституционного контроля, судов, прокуратуры и правоохранительных учреждений 28 стран, известные зарубежные и отечественные ученые-правоведы, политологи и эксперты.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что всего за два десятилетия наша страна, следуя положениям Конституции, прошла большой путь.

Казахстан сегодня состоявшееся, уважаемое и достойное государство мира. Это конкретное воплощение в жизнь всех положений и принципов нашего Основного Закона. Только тот государственный и общественный строй является эффективным, если он способен изменяться к лучшему. В нашем Основном законе есть все правовые



Президент Казахстана в своем приветственном слове к участникам конференции отметил, что 30 августа 1995 года на референдуме о Конституции был выбран единственно верный путь.

Если бы наш подход к строительству государства увлекался бы поспешными, политически абстрактными схемами, то мы совершенно определенно потерпели бы провал. И цена этого провала была бы катастрофической. По опыту многих новых независимых стран, иногда весьма печальному, мы знаем, что строительство государства является чрезвычайно ответственным, сложным, длительным и порой болезненным процессом. Государственное строительство не может быть осуществлено на основе жесткого графика или утопических планов. Устойчивой стабильности не может быть без экономического прогресса и благополучия людей. А без стабильности в стране шансы на успешные перемены были бы равны нулю, - сказал Глава государства.

инструменты и для успешного развития, и для самообновления Нации. Мы поставили перед собой глобальную цель - к середине века превратить Казахстан в одну из 30 наиболее развитых стран мира на основе разработанной стратегической программы до 2050 года, - сказал Президент Казахстана.

Кроме того, Глава государства пожелал всем участникам конференции успешной и плодотворной работы.

Участники конференции дали высокую оценку казахстанскому опыту конституционного строительства, отметили особую роль Нурсултана Назарбаева в конституционном развитии Казахстана.

Зарубежные гости отметили достижения Казахстана в сохранении общественно-политической стабильности, обеспечении межэтнического и межконфессионального согласия, а также устойчивость и последовательность процесса демократизации и либерализации.

источник: <http://www.akorda.kz>

Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында

ТАРАЗДАН АЛЫП ҚҰМЫРАЛАР ТАБЫЛДЫ

Қазақ елінің тарихы көнеден келе жатқан құнды жәдігерлерге толы. Бұл рухани құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жетіп, тәрбие, білім көздеріне айналып отыр. Соның ішінде Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде Тараздың көп ғасырлық тарихын дәлелдейтін баға жетпес қазыналар бар.

Музейге келген жандарды ең алғашқы адамзат баласының Қаратау тауларынан табылған, тастан жасалған еңбек құралдары таңғалдырмай қоймайды. Қазып алынған адам сүйектерінің қалдықтары кейінгі кезеңмен - біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдағы қола дәуірімен белгіленген. Одан бөлек, VI-XII ғасырларда сактардың дәуіріне тән заттар: қола қазандар, сақ жауынгерінің дулығасы, қола мүсіншелер, Қазақ хандығының құрылу кезеңі, көне түркі тас мүсіндері мен жазулары... Бұлар келушілердің ең алдымен көз жүгіртетін жәдігерлері бар көрінеді.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

Жақында музей тағы да көне жәдігерлермен толыға түсіпті. Тараз қаласының іргесіндегі Қаз-поселок ауылында тұратын Хусейіноғлы отбасы бау-бақшасын суарып жүріп, жер астынан 2 үлкен құмыра тауып алды.

-Кешқұрым бақшаны суарып жүрген болатынбыз. Бір кезде ағын су тек бір жырыққа сіңіп кете берді, - дейді Фатима Хусейіноғлы.

-Ол жердің бетін қазғанымызда, астынан үлкен құмыраны ернуі көрінді. Екі құмыраны үш сағатта өрең қазып алдық. Кейінірек бұл заттарды облыстық музейге өткіздік. Мамандардың айтуына қарағанда, мұндай құмыраларды ел II ғасыр мен біздің заманымызға дейінгі VI ғасырларда пайдаланған екен. Бұл біздің қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына тартуымыз болмақ.

Оқу-әдістемелік жиын

«НЕПТУН-2015». АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Сейсенбінің сәске мезгілінде Балқаш көлінің жағасында қоныс тепкен «Төтенше жағдайлардан құтқару қызметі» ғимараты маңына жұртшылықтың жинала түсуі, мұнда маңызды бір ісшара өтетіндігінен хабар бергендей. Иә, осы күні бұл жерде Республикалық «Нептун-2015» оқу-әдістемелік жиынының ашылу салтанатына еліміздің барлық аймақтарынан 16 команда бас қосқан еді. Салтанатты ашылу жиынына құрметті қонақтармен қатар кәсіпортын, мекеме, ұйымдар, мектептер, қоғамдық ұйымдардың басшылары мен жастар өкілдері қатысты.

Қасиетті Балқаш көлінің жағасында, жаз

айының шуақты соңғы күндерінің бірінде, қаламызда алғаш рет жұмысын бастағалы отырған Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің судағы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды пысықтау бойынша «Нептун-2015» Республикалық оқу-әдістемелік жиынының ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Андрей Васильевич Ляпунов, Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖ бойынша Комитеті ТЖ жою Басқармасының бастығы, подполковник Алексей Сергеевич Советов, Қарағанды облысы ТЖД бастығы, полковник Талғат Қайырбек

(соңы 2 бет.)

Мұғалімдерге сүйінші

ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨБЕЙМЕК

Қазақстанда мұғалімдердің жалақысы 2016-жылдың 1-қаңтарынан бастап 27 пайызға көтерілетінін хабарлайды Қазақпарат қызметі. Аталмыш ақпаратта еліміз премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың: «оқытушылардың жалақысын көтеру мәселесі 2017-жылдан бастап жүзеге асатыны жоспарланған болатын, алайда, Елбасының тапсырмасына сай бұл мәселе қазіргі кездегі теңгенің құнсыздануына байланысты келер жылдың басына ауыстырылды. Жалақының көтерілуі мұғалімдердің

санаты мен дәрежесіне қарамайды», деген сөзіне сілтеме келтірілген. Бұл қуанышты хабар жаңа оқу жылының басындағы ұстаздардың көңіл-күйін көтеріп, қызметтеріне жақсы қарқынмен кіріседі деп ойлаймыз және ұстаздар қауымы мен шәкірттерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, биылғы жылдың да табысты, жетістікті жыл болуын тілейміз!..

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

«НЕПТУН-2015». АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

(соңы, басы 1 бет.)

ұлы. Нұрмағанбетов, қала әкімінің міндетін атқарушы Дастан Шұғаұлы Сәденов, Приозерск қаласы мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембековтер қатынасты. Жиын қатысушыларына «Нептун-2015» штабының басшысы С.Е.Берсимбаев баянат жасады.

Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары А.В.Ляпунов, Қазақстан Республикасы ПМ ТЖ бойынша Комитеті ТЖ жою Басқармасының бастығы, подполковник А.С.Советовтер сөз сөйлеген соң Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрінің орынбасары В.К.Божконың құттықтау хаты оқылып, зейнетке шығып жатқан осы сала өкіліне бағалы сыйлық табыс етілді. Одан әрі Қарағанды облысы ТЖД бастығы, полковник Т.К.Нұрмағанбетов, Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігі 03080 әскери бөлімі командирінің орынбасары, полковник В.В.Воронов, ҚР Ұлттық Ұланының өкілі, полковник Ержан Қайрекұлы Нұрсейтөвтер өз құттықтауларын жеткізді.

Қазақстан Республикасының жалауын салтанатты көтеру мәртебесі Республикалық «Нептун-2014» оқу-әдістемелік жиынында бірінші орын иеленген Батыс Қазақстан облысының құтқарушылар командасының капитаны Жігер Ержігітович Сақауава берілді. Қазақстан Республикасы



әнұранының шырқалуы аясында еліміздің көк байрағы жоғары көтерілді. Сондай-ақ биылғы жылғы жиынға қатысушы командалардың жарысын бағалайтын қазылар алқасы таныстырылды. Бұл құрметті мәртебені тиянақты атқару Т.Ж.Сағымбаев, Ж.А.Жексембиев, И.В.Максимов, Қ.Ж.Сұлтанов, А.Ю.Федосияди және М.Ж.Қоңырбаевтерге жүктелді.

Салтанатты жиын соңында қала өнерпаздарының орындауындағы ән-би тамашаланды.

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТУҰЛЫ
Суретте: салтанатты жиыннан көріністер.
Суретті түсірген автор

Біздің сұқбат

ӨЗІҢЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІК – ҮЛКЕН ҚАСИЕТ



Қазіргі таңда жастардың өзіне деген сенімділігін арттыру үшін психологиялық кеңесті өзіне талап ете білу керек. Психологиялық кеңес көптеген және әрбір жеке тұлғаға пайдалы шешімді табуға жол сілтейді. Бүгінгі таңда «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығында» арнайы жастардың болашағын дамыту мақсатында көптеген жұмыс қарастырылуда. Соның бірі психологиялық көмек. Психолог маманы әрбір жастың өзіне сенімді болуына, қандай да болмасын болашаққа жол сілтейтін өзіндік мақсатына жету үшін психологиялық кеңесті барынша ұсына алады. Осы орайда орталық психологы А.А.Ахмеджанованы шағын әңгіме жүргізген едік, осы сұқбатты назарларыңызға ұсынамыз:

Сауал: Адамның сенімділігі туралы әңгімелеп берсеңіз?

Жауап: Өзіне-өзі сенімді адамдар әрқашанда өзі қалаған нәрсесін тез арада бастап кете алады. Сонымен қатар, олар өзіне-өзі сенімсіз жандарға қарағанда шешімді жедел қабылдайды, қандай істі болса да бастауда тиянақты әрі өте сенімді болады. Олар өз-өздеріне сенімді болатындары сонша-лықты, істегелі отырған әрқилы істерінен еш қате-леспейді. Яғни, өзіне деген сенімділіктің басым болуы, ол алдағы қиындықтарды, бәсекелестерді мойымай жену деген сөз. Сенімсіз адамдар әлсіз келеді. Олар расында да өздеріне тапсырылған міндеттерді орындай алмайды. Кәсіптегі бәсеке-лесімен күрес кезінде болмашы нәрсеге де түсіністік таппай қынжылады. Олар өмірден түніліп, көңіл-күйі түсіңкі, сәл нәрсеге ренжігіш болып, өз-өзінен қуыстанып жүреді. Өзіне сенімсіз адам, көп ойланбайтын адам.

Адамның ауыр не жеңіл күлкісі арқылы да оның көңіл-күйін бақылап білуге болады. Өз көңіл-күйіңді көтеру үшін көзіңді жұмып тұрып жақсы нәрсені елестет. Тіпті болмаса жақсы қиялға беріл. Жақсылықтарды, көңілді жәйттерді еске алып, жайлап күліп те ал. Ал, адам өзіне өзі сенімді болуы үшін тағы да қажетті кеңестерді орындаса болғаны.

Сауал: Сенімсіздіктен арылу үшін не істеу керек?

Жауап: Адам алдымен өзін жақсы сезініп, әртүрлі аурулардың алдын алу керек. Басқалармен тез тіл табысып, өзгелерді өзіне тарта білу қажет. Әрқашан жаңа жетістіктерге жетіп отыруға тиіс. Көңіл-күйге кері әсер ететін ақпараттардан лезде арылуды әдетке айналдырған жөн. Сонымен бірге өзін үлкен басқосурларда еркін сезініп, адамдармен жақсы қарым-қатынаста бола отырып, жұмысшыларды жақсы басқарғаны ләзім. Өз тұтынушыларын қанағаттандыра отырып, өз өнімін өтімді ете білуі де маңызды. Өзінің іскерлік келісімдерін жақсы өткізіп, бәсекелестерін баса озуы қажет. Көп жағдайда адам өзімен ақылдаса алмайды. Ол өзінің ішкі ойы мен қазіргі бой көрсеткелі тұрған мәселесін салыстыра алмайды. Сол себепті де адам өзіне сенімді болуы да екіталай.

Сауал: Адам бойындағы сенімділікті қалай байқауға болады?

Жауап: Өзіне деген 100 пайыз сенімділікті анықтауда, адамның сырт келбетінің өзі адамның қандай екенін байқатады. Адам басқаша сөйлей тұрсадағы, оның ішкі таласы «мен бәрінен де жақсырақпын!» деп тұрады. Күнделікті айнаға қарай жүріп, өзінің қалай, қай күні, қандай көңіл-күйде екеніңді бақылап көр. Әйтпесе, өзінің сүйікті бояуың немесе жақсы көретін түсің қандай, соны біліп ал. Сол түс жетістік әкелетінін қойын кітапшаңа жазып ал. Тіпті, қызыл түсті қалам-саппен «Мен өзіме 100 пайыз сенімдімін» деп жазып қоюға да болады. Өзіне сенімді күшті дамыған адамдардың сөйлеу мәнері де ерекше болатыны анықталған. Олар нық, орынды, әрбір сөзді өз мәнерімен сөйлей алады. Сенімді адамдар айғайлап сөйлемейді, бірақ жай да сөйлемейді, олар сөйлегенде дененің шыбын шаққан сияқты әсер қалдырып, сондай бір керемет сезімге бөлей отырып сөлеседі. Ұялу, өзіне өзі сенбеу де жақсы қасиет емес. Ең бастысы – өз білгеніңше іс баста. Өзгелерге өтірік айтпа, ұрыс-керістен қорықпа. Басқалар секілді сенің қателесуің мүмкін екенін ұмытпа. Адамның сенімділігінің басты кепілі – үнемі күліп жүру екенін жадынан шығарма.

Маңызды да, мәнді әңгіме-кеңесіңіз үшін көп рахмет!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕШІЛІ

Табиғаттың адам өміріне маңызы туралы айтып жатудың өзі артық болар. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді. Адам – табиғаттың ажырама бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоктығы – Көкшетау», «Жер жаннаты — Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан өзіміз жасап жатқан мекенді, орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген. «Су ішкен құдығына түкірме» «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, жас ұрпақтың бойына табиғатты қорғаудың тәрбиесін сіңірген.

Табиғатта үздіксіз өзгерістер болып жатады. Мысалы, жанартаудың атқылауы, найзағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы сияқты құбылыстар табиғаттағы өзгерістерді көрсетеді. Аспан денелерінің қозғалысы, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайқалып өсуі, өзеннің тасуы немесе көлдердің тартылып суалуы — осылардың барлығы да қоршаған ортадағы өзгерістер. Әлемде орын алатын сан алуан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты. Оларды физика, астрономия, география, геология, биология, химия сияқты ғылымдар зерттейді. Әр ғылымның табиғатты зерттеуде өз мақсаты мен міндеті бар. Сондықтан, өзіміз жасап жатқан ортаның табиғат құбылыстарын қадағалап, елдімекендер мен қалаларда үнемі тазалық жұмыстары жүргізіліп тұрудың өте маңызды екенін естен шығармауға тиіспіз. Осы орайда, қала әкімдігінің «Тұрғын үй-коммуналдық жолашушылар көлігі және автокөлік жолдары мемлекеттік мекемесі» тарапынан аталмыш мәселеге байланысты биылғы атқарылған жұмыстар жайында мәлімет алған едік. Сол деректі оқыр-

мандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

Қала әкімінің 2015-жылғы 19-наурыздағы № 13-өкіміне сәйкес, биылғы сәуір айының 6-жұлдызынан мамыр айының 29-жұлдызы аралығында қала бойынша көктемгі 2 айлық санитарлық-тазалық, абағандыру және көгалдандыру айы жарияланған болатын. Қала 7 учаскеге бөлініп, мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік кәсіпорындардан жауапты тұлғалар бекітіліп, қала көшелерін тазалау бойынша жауапты тұлғалар тағайындалыпты. 2015-жылдың 6-сәуірі мен 29-мамыры аралығында болған қалалық сенбілік туралы телефонограмма Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік кәсіпорындарға уақытында жіберілген.

Жалпы көктемгі 2 айлық барысында қала бойынша 4 қалалық және 2 жалпыоблыстық сенбілік өткізілген екен. Осы өткізілген сенбіліктерге қала бойынша 37 мекемелер қатысып, 75 Га жер аумағы тазаланған және қала бойынша 25 жыл көлігіне тиелген қоқыстар шығарылып, 237 ағаштардың шірік бұтақтары тазаланған және жол жиектері сыпырылған. Сонымен қатар, жергілікті «Тұтынушылар құқығын қорғау» басқармасымен бірлесіп, қала бойынша арнайы рейд жүргізілген, белгіленбеген жерге коқыс құрылыс заттары төгілген жерлер анықталып, уақытында тазартылып отырған. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің вице-министрі Е.Көшербаевтың хатына сәйкес, Республика бойынша 19 сәуір күні «Бүкіл Қазақстандық ағаш отырғызу күні» болып жариялануына орай қала бойынша екі елден тыс жоспарланып, соған сәйкес қала мекемелерінен екі елден тыс отырғызу өтініштері қабылданып, екі елден тыс таратылып берілген. Сенбілікпен қатар айта сайын қала бойынша таза бейсенбілік жоспарланып, мекеме аумағын сыпыру, ағаштарды ақтау жұмыстары жүргізілгені белгілі болды.

Н.ӨТЕП

Жазушы Қалмұқан Исабаев 90 жаста

МАЙДАНГЕР ЖАЗУШЫ

Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіс күніне аман-есен жеткен майдангер жазушы Қалмұқан Исабаев бейбіт кезеңнің біраз жерін Германия жерінде өткізген. Білім нәрімен кешірек сусындаса да, таиғатынан берген дара дарының арқасында әдебиет пен мәдениет саласына өшпес қолтаңбасын қалдырған жазушы Қалмұқан Исабай – 1925-жылдың 25 тамызында Павлодар облысындағы Байнауылда туған.

1943-жылдың қаңтарында 10 сынып партасынан Кеңес Армиясы қатарына шақырылады да, одан 1954-жылдың күзінде запасқа шығады. 1954 - 1955 оқу жылында Алматы қаласының кешкі жастар мектебінде 10 сыныпты бітірісімен, Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетіне сырттай түсіп, оны 1961-жылы бітіріп шығады және осы уақытта «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер болып істеген. Бұл жазушының әдебиет майданының табалдырығынан аттаған, өндіре жазуға шындап кіріскен жылдары болды. «Баян» атты әңгімесі 1954-жылы «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журналына жарияланған. Ертіс – Қарағанды каналының жобасымен танысып, 1961-жылы болашақ су жолы жүретін жерлермен 500 шақырым жаяу сапар шегіп, нәтижесінде «Арман арнасымен» атты күнделік кітабы жарық көрді. Он екі жыл бойы құрылыстың басы-қасында болып, «По руслу мечты», «Подвиг в степи», «На стыке судьбы», «Сұңқар самғауы» атты кітаптар, жүзден астам проблемалық очерктер мен мақалалар жазды. 1992-жылы Павлодар облысындағы Ермак қаласына қойылған басқыншы атаманның ескерткішін алуға, қала атын Ақсу деп өзгертуге атсалысты.

Драматургия саласында «Десант» атты комедиясы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің 1984-жылғы конкурсында жүлдеге ие болған. Жазушының «Жұмбақ үй» әңгімелері, «Ажал құрсауында», «Қарабала повестер», «Шен-шекпен алған қазақтар» очерк, «Ана тілі», «Өлке» «Бетпебет», «Айқыз» зерттеулер, «Комендант», «Өткелде» романдардан тұратын отыздан астам кітаптары өз оқырмандарын тапқан әдеби еңбектер ретінде жадымызда қалады. Еңбеккер жазушының ерен еңбектері ескерусіз қалған жоқ. Ол Қызыл Жұлдыз (1945), Еңбек Қызыл Ту (1975), «Құрмет» ордендерімен, ГДР-дің Герман – Кеңес достығы қоғамының алтын белгісімен (1983) және көптеген медальдармен марапатталған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының 2005-жылғы лауреаты атанды.

Зиялы өмірінің көбін әдебиет пен қоғамдық пайдалы істерге бағыттаған Қалаған 1979-жылғы 22-шілдеде Германиядағы Габельбах қаласындағы Гете музейіне неміс ақынының адамзат пен



табиғат тұтастығын көркем бейнелеген әлемге әйгілі «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің Абай аударған нұсқасы жазылған ескерткіш тақта орнатты. Бұл өлеңге қазақ ақыны шығарған кең тынысты, нәзік әуенді ән жазылған ұнтаспанын, әннің нотасын сыйға тартты. 1980-жылғы 13-маусымда Исабаев өзі салған Абайдың портретін және қақағына орыс және неміс тілдерінде: «Гетенің Азиядағы тұңғыш аудармашысы, ақын және композитор «Түнгі кезбе» өлеңіне арналған әуенін осындай ұлт аспабының сүйемелдеуімен шығарған» деген сөз жазылған домбыраны осы музейге табыс етті. ГДР газеттері Тюрингияда шыққан Абай әнін жыл сайын 60 мыңдай адамның тыңдайтынын жазды. Жазушының бастамасымен 2000-жылы Берлиннің бір көшесіне Абай аты берілді.

Сондай-ақ, Қ.Исабаев мерзімдік баспасөзде жоғарыдағы жолсапарлары туралы «Ильминауға тағы да жол түскенде», «Ұлылықпен жарасар тек ұлылық» және Абай мен Е.П.Михаэлистің шынайы достығы жайында «Михаэлис зиратының басында» атты мақалалар жазды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ



СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
 Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16
 Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97
 Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
 Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
 Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
 Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97
График приема граждан:
 Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
 Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
 Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ сенім телефоны: (871039)5-32-45
 Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – Бейсенбі сағат 15.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринария города Приозерск», (871039)5-32-45
 График приема граждан руководителем

отдела – Четверг с 15.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
 График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57
 График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и

градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
 График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының білім беру бөлімі» ММ сенім телефоны 5-41-90
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00 – ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-41-90
 График приема граждан начальником отдела: вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
 Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі- Сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99
 График приема граждан руководителем отдела- Среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі – Дүйсенбі – Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 53218.
 График приема граждан руководителем отдела - Понедельник – Пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
 Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13

Телефон доверия РГУ «Приозерского городского управление по защите прав потребителей» 5-41-13 ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-19, 5-24-87
 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87
 График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 часов.

МЕРОПРИЯТИЯ, ПРОВОДИМЫЕ ГУ «ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ, АРХИТЕКТУРЫ И ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК», ПРОПАГАНДИРУЮЩИЕ БОРЬБУ С КОРРУПЦИЕЙ

В отделе на постоянной основе проводятся мероприятия, пропагандирующие борьбу с коррупцией. Каждый год в отделе утверждается План мероприятий по борьбе с коррупцией на год, контроль по исполнению данных мероприятий возложен на руководителя отдела. В средствах массовой информации публикуется информация о деятельности, новости и реестр оказываемых государственных услуг отдела. На всеобщедоступном месте размещены тексты Кодекса чести.

В отделе создана школа правовых знаний, проводится организация правового всеобщего. Государственными службами отдела ежегодно в управление государственных доходов сдаются декларации о доходах и имуществе.

Одной из важных мер по недопущению коррупции является эффективность системы учета и мониторинга результатов рассмотрения заявлений физических и юридических лиц. Для внесения обращений и улучшения контроля в отделе работает программа АИС EUOL (автоматизированная информационная система единого учета обращения лиц). Для разъяснения населению всех изменений в земельном, архитектуры и градостроительства законодательствах используется электронный сайт отдела и средства массовой информации. Для своевременного рассмотрения обращения физических и юридических лиц специалистами отдела в течение рабочего дня даются консультации населению, предварительно рассматриваются документы.

Ежемесячно в местной газете «Приозерский вестник» публикуется номер «телефона доверия» отдела, дающий возможность населению проинформировать соответствующие службы о фактах проявления коррупции.

В целях обеспечения доступности и прозрачности информации о порядке оказания государственных услуг на информационном стенде и на официальном интернет-ресурсе отдела размещена необходимая информация по оказанию государственных услуг. На официальном интернет-

ресурсе отдела в разделе «Государственные услуги» размещены Закон Республики Казахстан «О государственных услугах», Реестр государственных услуг, оказываемых физическим и юридическим лицам, перечень государственных услуг, оказываемых отделом земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерска (с ссылками на стандарты и регламенты оказания государственных услуг), перечень услуг оказываемых в электронном формате с инструкциями их оказания. Работа по актуализации информации, содержащейся в соответствующем разделе, проводится на регулярной основе.

Для совершенствования процессов оказания государственных услуг в отделе первоочередное внимание уделяется автоматизации процессов оказания государственных услуг и повышению качества их оказания в электронном виде.

В отделе внедрена программа «Ведение очереди на получение участков под индивидуальное жилищное строительство, а также жилья из государственного жилищного фонда», предназначенная для автоматизации процессов загрузки, хранения и просмотра документов, используемых в процессе деятельности организаций, отображения информации о сотрудниках, работающих в организациях и подведомственных им подразделениях, а также для ведения списков получивших жилье из государственного жилищного фонда. По состоянию на 19 августа 2015 года на специальном учете для получения земельных участков для индивидуального жилищного строительства состоят 197 граждан.

Список очередности размещен на стенде ГУ «Отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства г.Приозерск» и веб-сайте «Priozersk.akimat.gov.kz», а так же «Zerarkh-priozersk.gov.kz» на государственном и русском языках, которые ежеквартально обновляются.

В своей работе ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» руководствуется Конститу-

ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ФИНАНСОВЫХ ОТЧЕТОВ ОРГАНИЗАЦИЯМИ ПУБЛИЧНОГО ИНТЕРЕСА В ДЕПОЗИТАРИЙ

В соответствии со статьей 19 Закона РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28.02.2007г. №234 (далее Закон) и Постановлением Правительства Республики Казахстан «О мерах по созданию депозитария финансовой отчетности» от 23.12.2008г. №1228 создан депозитарий финансовой отчетности для организаций публичного интереса (далее ОПИ), которые обязаны сдавать в него финансовую отчетность в порядке, установленном уполномоченным органом. Депозитарий – электронная база данных, содержащая годовую финансовую отчетность и аудиторские отчеты, ежегодно сдаваемые организациями, а также информацию о корпоративных событиях акционерных обществ, с открытым для пользователей доступом (веб-сайт www.dfo.kz). Согласно статье 1 Закона, организациями публичного интереса – являются финансовые организации, акционерные общества (за исключением некоммерческих), организации недропользователи (кроме организаций, добывающих общераспространенные полезные ископаемые) и организации, в уставных капиталах которых имеется доля участия государства, а также государственные предприятия, основанные на праве хозяйственного ведения.

В соответствии с пунктом 4 Правил предоставления финансовой отчетности в депозитарий, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан от 14.10.2011г. № 1173 (далее Правил), организации публичного интереса ежегодно, не позднее 31 августа года, следующего за отчетным, представляют в уполномоченную организацию для ведения депозитария, годовую финансовую отчетность, составленную в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности.

За нарушение указанного требования Инспекция финансового контроля по Карагандинской

области (далее Инспекция) направляет в суды административные материалы в отношении ОПИ, в действиях которых усматривается состав административного правонарушения, предусмотренного ст. 239 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, то есть за непредоставление финансовой отчетности в уполномоченную организацию в сроки, определенные Правилами.

Так, в 2013 году направлены в суды административные материалы в отношении 40-ка ОПИ, а в 2014 году в отношении 17-ти ОПИ. По решениям судов наложены административные взыскания в виде штрафов в 2013 году на общую сумму 17310,0 тыс.тенге, а в 2014 году на общую сумму 5556,0 тыс.тенге.

В соответствии с ежегодным посланием Президента Республики Казахстан определяющую стратегию развития страны, развития предпринимательской культуры и увеличение конкурентоспособности предприятий и законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» количество предприятий реорганизованных из казенных предприятий в организации публичного интереса увеличивается из года в год. Поэтому, в целях недопущения подобных нарушений всем ОПИ, необходимо принять меры по своевременному представлению отчетности в Депозитарий. ОПИ для которых аудит является обязательным, в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан необходимо также своевременно провести обязательный аудит финансовой отчетности.

Бекболат Алтынбеков,
 главный контролер-ревизор отдела №2
 Инспекции финансового контроля по Карагандинской области

тущей Республики Казахстан, Указом Президента Республики Казахстан «О порядке рассмотрения обращений граждан», Земельным кодексом и другими нормативно-правовыми актами в сфере земельных отношений, архитектуры и градо-

строительства.
 ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»



ҚАУЫН ШЫБЫНЫ – ЗИЯНКЕС ЖӨНДІК

Таралуы. Еуропада – Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Азияда – Үндістан, Палестина, Солтүстік Иран, Ирак, Израиль, Ауғанстан және Өзбекстан мемлекеттері. Қауын шыбыны зиянкесі көршілес Өзбекстан Республикасында 2005 жылы пайда болып, 2010 жылы тек Қарақалпақстан Республикасы аумағында 20 мың гектарға жуық қауындықты залалдап, жарамсыз жағдайға жеткізген. Ал, Қазақстан Республикасы аумағында 2006 жылы алғаш рет Қызылорда облысында тіркелсе, 2012 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысында пайда болып, екі жыл ішінде негізгі қауын егетін аймақтарына түгел дерлік таралып үлгерді деуге болады.

Биологиялық ерекшеліктері және зияндылығы. Шыбындар көктемде қауынның гүлдеу кезеңінде жаппай ұша бастайды. Ұшу белсенділігі таңертеңгі мезгілде жоғары. Аналығы жұмыртқа салу мақсатымен тескен қауыннан аққан шырынмен қосымша қоректенеді. Осындай сипатта залалданған қауындар, әсіресе, қарбыздар вирусты және саңырауқұлақ ауруларының көбею ошағы болып, дақылдардың антракноз және альтернариоз ауруларына ұшырауы екі есеге артады. Залалданған өнімнен аққан шырынның тамшылары қызыл-қоңыр түсті, дөңес пішіндер түзіп қата бастайды, бұл өнім сапасын төмендетеді. Бұдан бөлек осы тәрізді залалдану өсімдіктің өсіп-дамуын кешеуілдетеді және өнімділікті шамамен 20 пайызға дейін кемітеді.

Күресу шаралары. Зиянкеспен агротехникалық күресте ол пайда болған алқаптарда өнімді жинап алынсымен, қалған өнім қалдықтарын кемінде 50 сантиметр тереңдікте топырақ қабатына көму, жерді терең етіп жырту, ауыспалы

егіс тәртібін сақтау, егістегі және егіске шекаралас жерлердегі арамшөптерді жою, қауын шыбынының жаппай ұшу кезеңінде дақылдың ертерек өсіп, зиянкестің аналығы жұмыртқасын сала қоймай үлкен түйіндердің пайда болуына жағдай жасайтындай қауынның ерте пісетін сұрыптарын ерте егу және егіске 3-4 жыл бұрынғы қауын тұқымдарын пайдалану керек. Химиялық күресте қауын шыбынының жалған пілласі болуы мүмкін тұқымдарды дәрілегіш препараттармен өңдеу, зиянкеске қарсы қауынның нағыз жапырақтары пайда болғаннан бастап гүлдегенге дейін Ровекурт, Нурелл, Кардинал инсектицидін, ал вегетация кезеңінде Устад, Циракс және Шерпа препараттарын пайдалануға болады. Аталған препараттарды қауынды жинардың алдында қолданудың пайдасы жоқ. Осы шараларды іске асырған жағдайда ғана дикан өсірілген өнімді өткізуде қиындыққа тап болмай, еткен еңбегінің жемісін көре алады.

Құрттаған қауын ішіне ауа кірген соң шіріп, бүліне бастайды. Бүлінген қауыннан жаман иіс те шығып ол жеуге жарамсызданады. Жеген адам улануы мүмкін. Сак болыңыздар!

Туындаған сұрақтар бойынша Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 9/2 үйде орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясына хабарласуға болады.

Кусаннова З.Т.,

«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің бас маман – өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы
тел. 5 – 40 – 06

ДІН ТАҚЫРЫБЫНА СЕМИНАР ӨТТІ

Өткен дүсенбі күні № 1 қазақ орта мектебінің мәжіліс залында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің



діни экстремизм мен терроризм шараларының алдын алу бағытындағы мемлекеттік тапсырмасы аясында ұйымдастырылған семинар өткізілді. Семинарға мекеме, ұйымдардан, метептер мен балабақшалардан, жастар өкілдерінен, қоғамдық ұйымдардан тыңдаушылар келіп, қаладағы жалғыз қажы Сайлау

сатындағы тақырыпта дәріс жүргізді. Семинардың басты мақсаты – қазіргі таңдағы ислам мемлекеттеріндегі, соның ішінде Сирия еліндегі етек алған тұрақсыз жағдай, экстремистік және террористік әрекеттер, еліміз азаматтарының діни қағидаларды дұрыс түсін-бейтіндігінің арқасында теріс жолға түсіп, Сириядағы соғысқа аттануы, біздің қоғам мен ұстанған бейбіт саясатымызға нұқсан келтіретін жағымсыз қылықтардың алдын алу, жастарға дұрыс бағыт беруге бағытталған.

«Нұрлы білім» өкілдері арнайы әкелген, 2014-жылы баспадан жарық көрген оқу-әдістемелік құрал ретіндегі кітап қатысушыларға таратылды. Тыңдаушылар тарапынан қойылған сауалдар мен ұсыныс-пікірлерге жауап берілді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Смағұлұлы Қарабеков және қала мешітінің өкілі қатысты. Аталмыш семинарда Қарағанды қаласы «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, теолог Жанболат Жума-турович Хұшкелдиев пен Индира Нұртаевна Мақсұтовна «Ақпараттық насихат топтарының мүшелері мен дінтанушылардың, мемлекеттік қызметкерлердің, жастар көшбасшыларының діни сауатын арттыруға, діни экстремизм мен терроризм идеялары өрістеуінің алдын алуға, қазақстандық қоғам санасына төзімділік, өзге діндерге құрмет, қоғам мүшелерінің құқықтары мен бостандығын сыйлай білуді сіңіру» мақ-



«ЖҮЛДЫЗДЫ СӘТ» САЙЫСЫ

2015 жылдың тамыз айының 07 жұлдызында КМҚК «Балақай» бөбекжайында әдіскер Абатаева Феруза Жайлибаевнаның ұйымдастыруымен жас педагогтар арасында «Жұлдызды сәт» сайысы өтті. Әдіскердің мақсаты: жас педагогтардың бі-

сайыскерлер сұрақтарға жылдам жауап берсе, III кезеңде педагогтар өз өнерлерін көрсетті. IV кезеңде сайыскерлеріміз өздерінің қолдан жасаған шығармашылық өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар V кезеңде педагогтар қолдан жасаған сәнді киім үлгілерін көрерменге паш етті. Сайыс соңында әділқазылар алқасының әділдігімен жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Айта кетсек, Дауленова Анар Жақыповна «Жұлдызды сәт» иесі атана, Токталған Біржан I орынды қанжығасына байлады. Эштаева Анар Рамазановна мен Шакинова Аяулым Махсұтовна II орынды жеңіп алса, Белтаева Гулбану Ибраймова, Бакешова Асемхан Онталаповна және Аман Зауреш Мұратқызы III орынды қанағат тұтты. Қалған үміткерлеріміз: Ботанбекова Анара Тулеутайна «Тапқыр тәрбиеші» номинациясымен, Кожакелдиева Умтай Абасна «Өнерлі тәрбиеші» номинациясымен, Жубантаева Аксана Есеновна «Инабатты тәрбиеші» номинациясымен марапатталды. Көңілі толған көрермендер өз ризашылықтарын білдірді.

Абатаева Феруза,

КМҚК «Балақай» бөбекжайының әдіскері



лімдерін жан-жақты толықтыра отырып, психологиялық біліктіліктерін қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу болатын. Бұл іс-шара 5 кезең бойынша өткізілді. I кезең «Тегін білу тектілік». II кезең «Кім шапшаң?». III кезең «Өнерлі өрге жүзеді». IV кезең «Үй тапсырмасы». V кезең «Сәнді киім үлгісі». Сайыстың шарты бойынша I кезеңде педагогтар өздерін таныстырып өтті. II кезеңде

Электр қуатын үнемдеу

ҮНЕМДЕГЕН – ҰТАДЫ

Энергия қорларын үнемдеу 21-ғасырдың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі күнде әлемнің өнеркәсібі дамыған барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу мәселелері қарқынды шешілуде. Көмірмен және көмірсутегімен жұмыс істейтін жаңа ЖЭС салуға инвестициялар тарту экологиялық проблемалардың тереңдеуін білдіреді. Қайта жаңартатын жергілікті энергия көздері, әсіресе электр энергиясынан тапшылық көретін аудандар үшін, орталықтандырылған экономикалық баламалы энергия үнемдеу болып табылады. Осыған байланысты, Министрлікте «Қайта жаңартатын энергия көздерін қолдау туралы» Заңның жобасы әзірленді. Аталған заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007-жылғы 28-ақпандағы табиғат ресурстарының орынды пайдаланылуы және қоршаған ортаның ластануы, ескірген және «лас» технологиялардың бақылаусыз енуі, қайта жаңартатын қорлардың тиімсіз пайдаланылуы проблемаларын шешу үшін Қазақстан Республикасының тиімді заңнамалық базасын қалыптастыру мақсаты қойылған Жолдауын іске асыруға бағытталды. Қайта жаңартатын энергия көздерін пайдалану үлесін көбейту, өндірістің энергия сыйымдылығын және оның экологияға әсерін, соның ішінде көшетхана газдарының тасталуын төмендету «Қайта жаңартатын энергия көздерін қолдау туралы» Заңын қабылдаудың мақсаты болып табылады. Қайта жаңартатын энергия көздерін – күн, су, жел, жер энергиясын пайдалану негізінде энергия үнемдеу технологияларын енгізу – энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралардың бірі болып табылады.

Осы мәселеге орай Приозерск қаласы «Тұрғын үй-коммуналдық жолашушылар көлігі және автокөлік жолдары мемлекеттік мекемесінің» бас маманы Ерлан Бакбергеновты Жаманбаевпен сөйлесіп, қаладағы электр қуатын үнемдеу бойынша атқарылып жатқан ісшаралар туралы

сұрастырғанда, 2013-жылдан бергі кезеңде электр қуатын үнемдеуге байланысты біраз шаруаның басы қайрылғанына көзіміз жетті. Атап айтқанда, 2013-жылы № 1 және № 2 орта мктептерге 14 миллион тенге жұмсалып, 138 дана пластикалық терезелер орнатылыпты. Сол жылы Кисунько көшесінен «Айналайын» балабақшасына дейінгі аумаққа, Достық көшесінің 5-үйінен Космонавтов көшесін бойлап КПП ауданына, Кисунько көшесіндегі балалар ойын алаңына, БСА көшесінің 24, 28-үйлері жанына қуаты 28 Вт болатын, күн панельдерінен қуат алатын 49 қуат үнемдегіш көше шамдары орнатылыпты. 2014-жылы қуаты 48 кВт болатын 10 жарық беретін бағандар қойылған. Дружба народов көшесінен бастап республикалық маңызы ие үлкен жолға дейінгі аралыққа 386 дана электр қуатын үнемдейтін, әртүрлі маркадағы көше шамдары орнатылған екен.

Электр қуатын үнемдегіш шамдар орнату жұмысы 2015-жылы да жалғасын тауып, жылдың бірінші жартысында орталық жолдан бастап «Балақай» балабақшасына дейінгі аумаққа 15 жарық үнемдегіш, күннен қуат алатын бағандар орнатылған. Бұл жұмыстарды «Инновация Тех» ЖШС мердігерлік ұйымы атқарыпты. Сонымен қатар осы жылы Абай көшесінің 17/3-үйі мен Гвардейская 10-үйі маңындағы балалардың ойын алаңқайларына да қуаты 48 кВт болатын осындай жарық беретін көше шамдары орналастырыпты.

Халықтың игілігі және электр қуатын үнемдеуге бағытталған ізгі ісшаралар алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындардың пайдалануына жаратыла береді деп үміттенеміз. Бүгінгі таңдағы жүріп жатқан табиғи ресурстар мен барлық қажетті нәрселерден энергия үнемдеуге байланысты шаралар да осы мақсатқа бағытталған.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ ***

ОБЪЯВЛЕНИЯ

УТЕРЯНО

Аттестат об окончании КрВШ имени Т.Бегельдинова выданный от 06.06.2015 г. на имя **Оразбай Адильхан Шамалганулы**. Прошу вернуть за вознаграждение. тел. 87786390311 ***

Аттестат о среднем образовании выданный ср. школой №43 пос.Сарышаган на имя **Бокишева Б.Д.** Прошу вернуть за вознаграждение. Тел. 87057312372

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Постановление Акимата г.Приозерск №1/2 от 06.01.2014 г о выдаче земельного участка в частную собственность ТОО «Приозерские теплицы» на имя Салыхова Р.Р.

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 87026988613

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.

Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59 ***

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 34/419 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат- А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041